

### Майдангер ғалым мұрасы

Қазақ даласында ғылыммен айналысқан тұлғалар жетерлік. Соның бірі – Мойсей Гендельман. Ол ауыл шаруашылығы саласында өнімді еңбек етіп, жерге орналастыру ғылымының негізін қалаған. Осы орайда Астана қаласы мемлекеттік архивінде ғалымның 100 жылдығына арналған «Шексіз өлке майталманы» атты дөңгелек үстел өтті.

Аталған іс-шараға Мәдениет және спорт министрлігі Архивтер және құжаттаманы басқару комитеті мұрындық болды. Архившілер арнайы С.Сейфуллин атындағы **Қазақ агротехникалық зерттеу университеті** Агрономия факультетінің студенттерін қонаққа шақырған. Мұндағы мақсат – жастардың ғылымға деген құштарлығын оятып, жас ұрпақты ұлт тарихын білуге тарту.

М.Гендельман 1941 жылы 26 маусымда қатардағы ерікті ретінде майданға аттанады. Гитлер радиостансалардың шақыру белгі жүйелерін анықтағаны үшін «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік еңбегі үшін» медальдарын алған. Соғысты Тынық мұхитта аяқтап, әскерден босарда өз полкінің жауынгерлеріне «Шартты қарсыластың радиостансаларының тактикалық және техникалық мәліметтері» оқулығын қалдырады. Жеңісті Берлинде қарсы алады. Рейхстагтің қабырғасына шегемен: «Сіздер енді бізге келмес үшін Моисей Одессадан келді» деп жазу қалдырып, майдандастарының қошеметіне ие болады.

Жиын барысында студенттердің назарына Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, профессор М.Гендельманның жеке архив қорының құнды тарихи құжаттарының көрмесі және олардың ресми тұсаукесері ұсынылды. Сондай-ақ архив қоймасы бойынша таныстыру экскурсиясы өткізіліп, фототаспаға жазылған архивтік құжаттарды цифрландырудың таңғажайып үдерісі көрсетілді. Айта кетейік, іс-шара «Архив және болашақ ұрпақ» жобасы аясында ұйымдастырылған.